

«Мұнай, құрылыс және жаратылыстану» факультеті

«Болашақ» университетінің «Мұнай, құрылыс және жаратылыстану» факультеті 2013 жылы қазан айында Ғылыми Кеңес мәжілісінің шешімі бойынша құрылды. Факультет құрамында 2 кафедра бар:

1. Мұнай-газ, құрылыс және экология кафедрасы.
2. Жаратылыстану, спорт және бастапқы әскери дайындық кафедрасы.

Факультетте ғалымдар мен кәсіби педагогтар қызмет етеді: а-ш.ғ.д., профессор, Д. Нұрымов, а-ш.ғ.д., профессор Ж. Өтесінов, а-ш.ғ.к., доцент Н. Мұханов, а-ш.ғ.к. М. Абдуллаев, а-ш.ғ.к. Б. Мыханов, а-ш.ғ.к., М. Садуакасов, а-ш.ғ.к. Д. Сатаева, а-ш.ғ.к, доцент Ғ. Әлібекова, т.ғ.к. Р. Молдаш, т.ғ.к. Б. Нұрадинов, х.ғ.к. Н. Тоғызбаева.

Факультетте кадрлар дайындығы 11 мамандық бойынша жүргізіледі: 5B070800-Мұнай газ ісі, 5B011300-Биология, 5B010800-Дене шынықтыру және спорт, 5B072900-Құрылыс, 5B060800-Экология, 5B090100-Көлікті пайдалану және жүк қозғалысын мен тасымалдауды ұйымдастыру, 5B011600-География, 5B073200-Стандарттау, метрология және сертификаттау, 5B010400-Бастапқы әскери дайындық, 5B072100-Органикалық заттардың химиялық технологиясы, 5B072600-Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және конструкциялануы.

Факультет мамандандырылған лабораториялар мен қазіргі заманға сай құрылғылармен жабдықталған. Оқу процесін жоғары квалификацияланған кадрлар басқарады.

Қазіргі таңда факультетіміздің күндізгі бөлімінде 1200 астам бакалавр оқып жатыр. Жыл сайын факультетте барлық мамандық үшін элективті курстардың каталогі дайындалады. Факультетте 5 оқу лабораториясы, 2 компьютерлік класс, жануарлар бұрышы бар.

Бүгінгі таңда «Мұнай, құрылыс және жаратылыстану» факультеті бойынша 1524 студент оқытылып жатыр. Факультет өзінің 3 жылдық жұмыс жолында 842 білікті маман оқытып шығарды. Біздің түлектеріміз білім және кәсіпорын салаларында көп сұранысқа ие және осы салаларда табысты жұмыс жасауда.

«Жаратылыстану, спорт және бастапқы әскери дайындық» кафедрасы

Кафедраға қарасты мамандықтар алғаш рет 2000 жылы «Жалпы пәндер» кафедрасы құрамында пайда болды. Осы жылдары кафедра меңгерушілері болып ғылым кандидаттары В. Свечников, Х. Наурызбаева, Ш. Ибраев, т.б. еңбек етті.

«Экология және география» кафедрасы 2006 жылы құрылып, 2011 жылы аталған бағыттағы 7 мамандық «Жаратылыстану және техникалық пәндер» кафедрасына біріктірілді.

Кафедра меңгерушісі - ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты, доцент Әлібекова Ғалия Бекқожақызы.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамын 12 оқытушы құрайды, олардың ішінде ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты - 5, техника ғылымдарының кандидаты - 2.

Кафедрада «Экология», «География», «Биология», «Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы», «Құрылыс», «Көлікті пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру», «Стандарттау, сертификаттау және метрология», «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» мамандықтары бойынша бакалаврлар дайындалады.

2013 жылы «Биология, география және спорт» кафедрасы болып өзгертілді. Кафедрада 5B011600 – «География», 5B011300 – «Биология», 5B010800 – «Дене шынықтыру және спорт» мамандықтары бойынша кадрлар дайындалады.

Кафедраның профессор-оқытушылар құрамын 17 оқытушы құрайды, олардың 5-ауыл шаруашылығы, 1-биология және 1-география ғылымдарының кандидаттары 3-магистр еңбек етеді. Кафедра оқытушылары оқулықтардың (Ж. Өтесінов, Д. Нұрымов, т.б.) авторлары болып табылады. Қазіргі таңда кафедрада күндізгі бөлімде - 316, сырттай бөлімде - 78 студент білім алуда.

Ғылыми байланыстары:

- Бүкіл ресейлік мал шаруашылығы және биотехнология ғылыми зерттеу институты (Москва);
- Қазақ мал шаруашылығы, азық өндіру және жайылым ғылыми зерттеу институты (Алматы);
- С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті (Астана);
- Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті (Орал);
- Оңтүстік-Батыс мал шаруашылығы және өсімдік шаруашылығы ғылыми зерттеу институты (Шымкент);
- әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (Алматы);
- География институты (Алматы).

«Мұнай-газ, құрылыс және экология» кафедрасы

Кафедра негізі 2011 жылы «Жаратылыстану және техникалық пәндер» кафедрасы болып қаланған.

2011-2012 оқу жылында кафедрада барлығы 9 мамандық бойынша бакалаврлар дайындалды. Сол мамандықтардың негізінде 7 мамандық біріктіріліп 2013 жылы «Мұнай-газ, құрылыс және экология» кафедрасы болып қайта құрылды.

Қазіргі таңда кафедрада төмендегі мамандықтар бойынша білім беріледі:

- 5B070800 – Мұнай-газ ісі;
- 5B072100 – Органикалық заттардың химиялық технологиясы;

- 5B072600 – Жеңіл өнеркәсіп бұйымдарының технологиясы және құрастырылуы;
- 5B072900 – Құрылыс;
- 5B073200 – Стандарттау, сертификаттау және метрология;
- 5B060800 – Экология;
- 5B090100 – Көлік пайдалану және жүк қозғалысы мен тасымалдауды ұйымдастыру.

Кафедра алғаш ашылған жылы студенттерге барлығы 10 оқытушы (оның ішінде ғылыми дәрежесі бары - 3 немесе 33%) сабақ берсе, 2015-2016 оқу жылында кафедрада 16 оқытушы (оның 9-ның ғылыми дәрежесі бар, 56,2%) дәріс оқыды. Алғашқы жылы кафедраға қарасты кабинеттер мен зертханалар саны 6-болса, 2015-2016 жылы олардың саны 14-ке жетті.

Кафедраға қарасты кабинеттер мен Зертханалар:

1. 106В – «Машина бөлшектері» зертханасы;
2. 110В – «Инженерлік жүйелер және жалпы гидравлика» зертханасы;
3. 209В – «Жол қозғалысының ережелері» зертханасы;
4. 303В – «Мұнай- газ ісі» кабинеті;
5. 304В – «Ұңғымаларды жөндеу» зертханасы;
6. 402В – «Стандарттау, сертификаттау және метрология» зертханасы;
7. 404В – «Тасымалды ұйымдастыру және қозғалысты басқару» дәрісханасы;
8. 405В – «Сызба геометриясы, инженерлік графика және дипломдық жобалау» дәрісханасы;
9. 407В – «Құрылыс» зертханасы;
10. 203А – «Органикалық заттардың химиялық технологиясы» зертханасы;
11. 302А – «Экология» зертханасы;
12. 305А – «Химия» зертханасы;
13. 302В – Компьютерлік класс;
14. 403В – Кафедра (оқытушылар кабинеті).

№304В – «Ұңғымаларды жөндеу» зертханасында бағдарламалық жүйе бойынша жұмыс істейтін қазіргі заманғы оқу қондырғысы – АМТ-411 маркалы ұңғымаларды күрделі жөндеу тренажер-имитаторы орнатылған. Ол қондырғы көмегімен студенттер зертханалық сабақтар барысында мұнай-газ ісінің күрделі технологиялық операцияларымен нақты танысады